

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 2025-2026 оқу жылының №8 педагогикалық кеңесі

Тақырыбы: «Білім беру үдерісін мониторингілеу - нәтижелі білім берудің кепілі»

Күн тәртібі:

1. №7 педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова (2 минут)

2. 9, 11 - сыныптардағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижесі.

Жалпы орта білім туралы аттестаттарды, үздік аттестаттарды және «Алтын белгі» аттестаттарын беру жөнінде шешім қабылдау туралы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова (10 минут)

3. IV тоқсан және жылдық бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова (15 минут)

4. «2025 - 2026 оқу жылында оқушылардың олимпиада, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысуы бойынша талдауы.

Директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары: Б. Торсунова (15 минут)

5. Даму бағдарламасының индикаторлары: жүзеге асу барысы мен жетілдіру бағыттары, келесі оқу жылына ұсыныстар. Жоба жетекшілері: Торсунова Б.Р., Қайржанова М.Н., Маженова А.А., Оңғарбай Ж., Рысмағанбетова А.М., Темірбек И.Т., Муратов М.Б., Мухамеджанов И.Т. (40 минут, әр сөйлеушіге 5 минуттан)

6. №8 педагогикалық кеңесінің қаулысы

Мектеп директоры -

А.Н. Курмашева

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі №7 педагогикалық кеңесінде қабылданған орындалуы жөнінде мектеп директоры Курмашева А.Н айтып өтті.

1. Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін оқыған пәндерден «5» деген бағасы бар 9-сыныптан 9-бітірушілеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген «білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағдаларына сәйкес аталған бітірушілерге негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» берілді:

1. Ережепов Санжар
2. Жүнісова Аружан
3. Маратова Жансая
4. Рахман Айтолқын
5. Темеш Мирас
6. Бекетова Аделя
7. Карпыкова Айлин
8. Дотей Айым
9. Баянбай Әмина

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы «Орта техникалық және кәсіптік білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлеріміне аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес негізгі орта мектеп курсын толық аяқтаған 9-сыныптардың 47 білім алушыларына негізгі орта білім туралы аттестат берілді.

3. Денсаулығына байланысты қорытынды аттестаттаудан 9 «Б» сынып оқушысы Бақыткерей Мадигалымгерейұлы қорытынды аттестаттаудан босатылды, тиісті құжаттары білім басқармасына тапсырылып, бұйрық алынды.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухаметжанова К.А акпарат беріп өтті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талабы бойынша қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу

бағдарламаларын меңгерген 9 сыныптан 47 білім алушы, 11 сыныптардың 35 білім алушылары жіберілген.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 сынып білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырып нәтижесінде 5 – 9 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары "5" болған 9 білім алушы № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестат берілді:

9 «Ә» сынып үздіктері

1. Темеш Мирас
2. Ережепов Санжар,
3. Баянбай Әмина,
4. Жунусова Аружан,
5. Маратова Жансая,
6. Рахман Айтолқын.

9 Б сыныбы оқу үздіктері:

1. Бекетова Аделя
2. Карпыкова Айлина
3. Дотей Айым.

Ал, 38 қорытынды емтиханды сәтті тапсырған білім алушыға негізгі орта білім туралы аттестат берілді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 сыныптардың 35 білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырды, олардың біреуі тандау бойынша. Осы 35 білім алушылардың 5-і негізгі орта білім туралы үздік аттестат алған, негізгі, жалпы орта білім беру бағдарламаларына сәйкес 5- 11 сыныптарда білім алған кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары "5", 10 -11-сыныптар аралығында білім алу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары "5" болған 5 үміткер болған. Осы үміткерлер қорытынды аттестаттаудан білімдерін растап "5" бағасына өткен келесі білім алушыларымыз жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын беруі ұсынылады:

1. Алдыкова Айна
2. Аманжол Аяжан,
3. Жақсылық Даяна,
4. Құлшымбек Қарлығаш.
5. Саркен Айғаным

Сыныптар бойынша талдау:

7-сыныптар: 7 А сыныбында 4 үздік, 7 екпінді және 6 үлгерімі орташа оқушы бар, сынып сапасы — 64,7%. Ал 7 Ә сыныбында 3 үздік, 11 екпінді және 4 үлгерімі орташа оқушы болып, сынып сапасы 77,8%-ды көрсетті.

8-сыныптар: 8 А сыныбы толықтай жоғары көрсеткішке ие болып, 1 үздік және 16 екпінді оқушымен 100% сынып сапасын берді. 8 Ә сыныбында 2 үздік, 11 екпінді және 4 үлгерімі орташа оқушымен сапа 76,5% болса, 8 Б сыныбында 2 үздік, 14 екпінді және 2 үлгерімі орташа оқушымен сапа көрсеткіші 88,9%-ға жетті.

9-сыныптар: 9 А сыныбында 1 үздік, 13 екпінді және 2 үлгерімі орташа оқушы бар (сапасы — 87,5%). 9 Ә сыныбы 7 үздік, 8 екпінді және 1 үлгерімі орташа оқушымен 93,7% сапаны көрсетсе, 9 Б сыныбы 3 үздік, 10 екпінді және 2 үлгерімі орташа оқушымен 86,7% сапаны құрады.

10-сыныптар: 10 А сыныбында 5 үздік, 9 екпінді және 2 үлгерімі орташа оқушы анықталып, сынып сапасы 87,5% болды. 10 Ә сыныбында 2 үздік, 14 екпінді және 1 үлгерімі орташа оқушымен сынып сапасы 94,1%-ды көрсетті

11-сыныптар: Бітіруші сыныптар өте жоғары нәтиже берді. 11 А сыныбында 5 үздік пен 12 екпінді оқушы бар (сапа — 100%). 11 Ә сыныбында 3 үздік пен 15 екпінді оқушы оқу жылын үлгілі аяқтап, сынып сапасы тағы да 100%-ды құрады.

2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша мектептегі жалпы үздік оқушылар саны 41-ді, ал екпінділер саны 141-ді құрады. Оқу жылын қанағаттанарлық (үштік) бағамен аяқтаған оқушылар саны — 20. Осы көрсеткіштердің нәтижесінде жалпы мектеп бойынша сыныптардың білім сапасы 90,1%-ға, ал пәндер бойынша жалпы білім сапасы 97,8%-ға тең болды.

Мектеп бойынша 4-тоқсан көрсеткіштерімен салыстырғанда, жылдық қорытындыда сапа мен үлгерім динамикасы оң өзгерістерді көрсетті. Жалпы мектеп бойынша үздік оқушылар саны 4-тоқсандағы 38-ден жыл соңында 41-ге артып, айырмашылық +3 оқушыны құрады. Екпінді оқушылар саны 140-тан 141-ге көбейіп, +1 оқушыға артты. Ал үлгерімі орташа оқушылар саны 24-тен 20-ға азайып, көрсеткіш -4 оқушыға жақсарды. Осы өзгерістердің нәтижесінде мектептің жалпы сыныптық білім сапасы 4-тоқсандағы 88,1%-дан жылдық қорытындыда 90,1%-ға көтеріліп, +2% өсім көрсетті.

Сыныптар бойынша салыстырмалы талдау:

7-сыныптар: 7 А сыныбында үздіктер саны (4 оқушы) өзгеріссіз қалды, екпінділер саны 7-ден 9-ға артып (+2), үлгерімі орташалар саны 6-дан 4-ке

11 сыныптардың 3 білім алушылары №39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестатын беруі ұсынылады:

1. Амангелді Мерей
2. Қабақбай Томирис,
3. Сейсен Әлима.

Ал, қорытынды емтиханды сәтті тапсырған 27 түлектерге №39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы аттестатын беруі ұсынылады.

3. Күн тәртібінің үшінші мәселесі IV тоқсан және жылдық бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мухаметжанова К.А айтып өтті.

2025-2026 оқу жылының басында мектепте 12 сынып/комплектте -209 оқушы болды

Жыл бойы келген оқушы - 4,

кеткен оқушылар -11,

Оқу жылын 202 оқушы аяқтады (190 -2024–2025 оқу жылы)

Мектеп бойынша оқу жылы бойынша білім сапасы- 90,1% (92,3 %)

Үздіктер саны - 41 – 20,3% (34 – 19,5 %)

Үлгерімі жақсы оқушылар саны -141- 69,8% (134 -70,5 %)

Үлгерімі орташа оқушылар саны - 20 – 10% (17 – 8,9 %)

Жалпы мектеп бойынша көрсеткіштер:

Мектеп бойынша IV тоқсанда жалпы үздік оқушылар саны 38-ді, ал екпінділер саны 140-ты құрады. Тоқсан қорытындысымен үлгерімі орташа (үштік бағасы бар) 24 оқушы анықталды. Бұл көрсеткіштер бойынша жалпы мектептегі сынып сапасы 88,1%-ға, ал пән сапасы 97,7%-ға тең болды.

Пәндер бойынша білім сапасы:

Мектептегі ең жоғары білім сапасы, яғни 100% көрсеткіш География, Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы пәндерінде тіркелді. Одан кейінгі жоғары көрсеткіштер Информатика (99,5%), Геометрия (99,4%) және Қазақ әдебиеті (99%) пәндеріне тиесілі. Сондай-ақ оқушылар Абайтану (97,6%), Қазақ тілі мен Химия (97,5%), Биология (96,7%) және Орыс тілі мен әдебиеті (95,2%) пәндерінен де жақсы нәтиже көрсетті. Білім сапасы салыстырмалы түрде төмендеу болған пәндер қатарына Шетел тілі (94%), Алгебра (93,5%) және Физика (97%) жатады.

азайды (-2). Нәтижесінде сынып сапасы 64,7%-дан 76,5%-ға айналып, +11,8%-ға өсті. 7 Ә сыныбында барлық көрсеткіштер тұрақты сақталып, жылдық сынып сапасы 4-тоқсандағыдай 77,8% күйінде қалды.

8-сыныптар: 8 А және 8 Ә сыныптарында үздіктер, екпінділер және үлгерімі орташалар санында ешқандай өзгеріс тіркелген жоқ; 8 А сыныбы жылды 100%, ал 8 Ә сыныбы 76,5% сапамен тұрақты аяқтады. 8 Б сыныбында айтарлықтай өсім бар: үздіктер саны 2-ден 5-ке өсті (+3), екпінділер 14-тен 12-ге азайды (-2), ал үлгерімі орташалар 2-ден 1-ге кеміді (-1). Осылайша сынып сапасы 88,9%-дан 94,4%-ға жоғарылады (+5,5%).

9-сыныптар: 9 А сыныбында үздіктер (1) мен екпінділер (13) өзгерген жоқ, бірақ үлгерімі орташа оқушы 2-ден 1-ге азайып (-1), сынып сапасы 87,5%-дан 93,8%-ға өсті (+6,3%). 9 Ә сыныбында үздіктер саны (7) тұрақты болып, екпінділер саны 8-ге жетті (+1), бұл сынып сапасын 93,7%-дан 100%-ға жеткізді (+6,3%). Кішігірім төмендеу 9 Б сыныбында байқалды: үздіктер саны (3) өзгермегенімен, екпінділер саны 10-нан 9-ға азайып (-1), үлгерімі орташалар 2-ден 3-ке артты (+1), салдарынан сынып сапасы 86,7%-дан 80%-ға төмендеді (-6,7%).

10-сыныптар: 10 А сыныбында үздіктер саны 5 күйінде қалды, екпінділер 9-дан 10-ға көбейді (+1), үлгерімі орташалар 2-ден 1-ге азайды (-1). Сынып сапасы 87,5%-дан 93,8%-ға жоғарылады (+6,3%). 10 Ә сыныбында ешқандай өзгеріс орын алған жоқ, сынып сапасы 94,1% деңгейінде сақталды.

11-сыныптар: Бітіруші сыныптардың екеуінде де («А» және «Ә») 4-тоқсан мен жылдық қорытынды арасында ешқандай айырмашылық тіркелмеді. 11 А сыныбы (5 үздік, 12 екпінді) және 11 Ә сыныбы (3 үздік, 15 ерткін) үлгерімі орташа оқушысыз, жылды тұрақты түрде 100% білім сапасымен тәмамдады.

4.Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары Б.Р. Торсунова 2025-2026 оқу жылындағы оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және шығармашылық байқауларға қатысу нәтижелеріне жасалған талдау ұсынды.

2025-2026 оқу жылындағы дарынды оқушылармен жұмыс нәтижелерін талдау

1 жартыжылдықта жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптар және 9-11 сыныптар арасындағы олимпиадалар ұйымдастырылып, оқушылар жоғары деңгейдегі интеллектуалдық және шығармашылық додаларда мектеп намысын абыроймен қорғады.

1. Пәндік олимпиадалардың нәтижелері (Облыстық кезең)

9-11 сыныптар арасында: Жалпы пәндер олимпиадасының облыстық кезеңіне осы оқу жылында 27 оқушы қатысты. Олардың ішінен 22 оқушы жүлделі орындар мен марапаттарға ие болды. Нақтырақ айтсақ: 4 оқушы – I орынды, 5 оқушы – II орынды, 9 оқушы – II орынды иеленсе, 4 оқушы ерекше танылып, Грамотамен марапатталды.

7-8 сыныптар арасында (Жасөспірімдер олимпиадасы): Кіші буын оқушылары да облыс деңгейінде жоғары дайындықтарын көрсетіп, қоржынға 11 марапат салды. Оның ішінде 2 оқушы – I орын, 2 оқушы – II орын және 6 оқушы – III орын алды, ал 1 оқушы Грамотаға ие болды.

2. Ғылыми жобалар байқауының нәтижелері

Облыстық кезең: Зерттеу жұмыстарымен айналысатын оқушылардың нәтижесінде айтарлықтай өсім байқалады. Облыстық ғылыми жобалар байқауында мектеп оқушылары 18 жүлделі орынды қамтыды. Марапаттар құрылымы: I орын – 2, II орын – 7, III орын – 7 және 2 жоба Грамотамен атап өтілді.

Республикалық кезең: Облыстан іріктеліп, республикалық деңгейге жолдама алған оқушылар арасынан 2 оқушы II орынды, 1 оқушы III орынды иеленіп, 1 оқушы Грамота алды. Атап айтқанда:

Имантай Жансұлу — II орын;

Дүйсенбек Акерке (10-сынып, қазақ тілі мен әдебиеті) — II орын;

Баянбай Әмина (9-сынып, орыс тілі мен әдебиеті) — III орын;

Каиржанова Перизат (11-сынып, құқық негіздері) — Грамота.

3. Шығармашылық байқаулар мен конкурстардың нәтижелері

Шығармашылық бағыттағы дарынды оқушылар да 2025-2026 оқу жылында республикалық және аймақтық деңгейде үздік өнер көрсетті:

«Менің шағын Отаным» шығармашылық байқауында Аскерова Салтанат жоғары шеберлік танытып, I орынды жеңіп алды.

Тараз қаласында өткен «Іші – алтын, сырты – күміс, сөз жақсысы...» республикалық шешендік өнер байқауында Құлшымбек Қарлығаш пен Жақсылық Даяна жүлделі II орынға ие болды.

Қорытынды:

2025-2026 оқу жылындағы көрсеткіштер оқушылардың ғылым, пәндік білім және шығармашылық бағыттар бойынша тұрақты дамып келе жатқанын дәлелдейді. Әсіресе, ғылыми жобалардың облыстық кезеңіндегі сапалық өсім

(18 орын) және республикалық деңгейдегі тұрақты жүлделер (3 орын, 1 грамота) мектептің бейіндік оқыту бағытының тиімділігін көрсетеді.

5. Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша даму бағдарламасының индикаторлары: жүзеге асу барысы мен жетілдіру бағыттары, келесі оқу жылына ұсыныстар айтылды.

Жоба жетекшілері: Торсунова Б.Р., Қайржанова М.Н., Маженова А.А., Оңғарбай Ж., Рысмағанбетова А.М. Темірбек И.Т., Муратов М.Б., Мухамеджанов И.Т.

Даму бағдарламасының индикаторлары: Жүзеге асыру барысы мен жетілдіру бағыттары **«Жетістікке жол» жобасы жөнінде** директордың бейінді ісі жөніндегі **Торсунова Б.Р** айтып өтті.

Мектептің Даму бағдарламасы аясында дарынды оқушыларды анықтау, олардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін арттыру — басты стратегиялық индикаторлардың бірі болып табылады. Осы бағытта іске асырылып жатқан «Жетістікке жол» жобасы оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми зерттеу жұмыстарына жүйелі түрде дайындауға, сондай-ақ педагогтердің олимпиадалық дайындық деңгейін арттыруға бағытталған. Төменде осы бағдарламаның индикаторлары, соңғы үш жылдағы жүзеге асыру барысы және алдағы кезеңге арналған ұсыныстар баяндалады.

II. Индикаторлардың жүзеге асыру барысы (Үш жылдық талдау)

1. Республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңі (9-11 сыныптар)

Жоғары буын оқушыларының олимпиадалық көрсеткіштері тұрақты жоғары деңгейде сақталып келеді:

2023-2024 оқу жылында 22 жүлделі орын (1-орын — 6, 2-орын — 5, 3-орын — 9, грамота — 2) иеленді.

2024-2025 оқу жылында орын саны 19-ды құрады. Сол жылы мектеп облыстық кезеңде «Үздік олимпиадалық мектеп» қатарының 51-орнынан көрінді.

2025-2026 оқу жылында сапалық өсім байкалып, жүлделі орындар саны қайтадан 22-ге жетті (1-орын — 4, 2-орын — 5, 3-орын — 9, грамота — 4). Осы нәтиженің арқасында мектебіміз облыстық кезеңде 75 орынмен «Үздік олимпиадалық команда» номинациясына ие болды.

3. Республикалық ғылыми жобалар байқауының нәтижелеріне тоқталды:

Ғылыми-зерттеу бағытындағы индикаторлардың өсімі өте жоғары:

- Облыстық кезеңде: 2023-2024 оқу жылында 8 орын болса, 2024-2025 жылдары 14 орынға, ал 2025-2026 оқу жылында 18 орынға (1-орын — 2, 2-орын — 7, 3-орын — 7, грамота — 2) жетіп, рекордтық көрсеткіш тіркелді.

- Республикалық және Халықаралық деңгейдегі нәтижелермен де таныстырып өтті.

III. Жетілдіру бағыттары

Қол жеткізілген нәтижелермен қатар, Даму бағдарламасының индикаторларын сапалы орындау үшін мынадай бағыттарды жетілдіру қажеттілігі туындап отыр:

1. Резервті ерте қалыптастыру: Олимпиадашылар базасын тек жоғары сыныптарда емес, 7-сыныптан бастап жүйелі іріктеу.
2. Мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру: Педагогтердің олимпиадалық тапсырмалармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту және оларды ынталандыру жүйесін жетілдіру.
3. Пәнаралық байланыс және STEM: Жобалық жұмыстарда заманауи бағыттарды (STEM, жасанды интеллект, IT) тереңдету.

IV. Келесі оқу жылына ұсыныстар

Даму бағдарламасының индикаторларын одан әрі жақсарту мақсатында келесі оқу жылына мынадай іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1. Олимпиадалық резерв қорын жаңарту: Дарынды және қабілетті оқушыларды ерте анықтау мақсатында, олимпиадалық резерв құрамын 7-сыныптан бастап қалыптастыруды дәстүрге айналдыру және олардың деректер қорын жыл сайын жаңартып отыру.
2. Ерте мақсатты дайындық: Олимпиадалық резерв құрамындағы 7-сынып оқушыларын кезеңдерге ерте дайындау мақсатында арнайы мақсатты дайындық жұмыстарын жолға қою.
3. Бағдарламаларды жетілдіру және ЖОО-мен байланыс: Олимпиадаға дайындық бағдарламаларын жетілдіріп, олардың күрделілігі жоғары тапсырмалар қорын байыту, сондай-ақ жоғары оқу орындары (ЖОО) және ғылыми орталықтармен бірлескен ынтымақтастықты нығайту.

Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту және өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі Кайржанова М.Н айтып өтті.

I. Көшбасшылықты дамытудың мақсаты мен міндеттері

Мектепте білім алушылардың бойында ХХІ ғасырдың маңызды дағдыларын қалыптастыру, белсенді азаматтық позицияны тәрбиелеу және ұйымдастырушылық қабілеттерін шыңдау мақсатында мектептің өзін-өзі басқару ұйымы — Мектеп Парламенті жүйелі жұмыс аткарып келеді. Сапалы көшбасшылықты қалыптастыру барысында оқушылардың мектеп өміріне тікелей араласуына, маңызды шешімдер қабылдауына толық жағдай жасалған.

II. Жыл бойы атқарылған іс-шаралар мен негізгі бағыттар

Слайдтар желісі бойынша көшбасшылық бағытында мынадай ауқымды кезеңдер мен жобалар іске асырылды:

1. Демократиялық сайлау процесі және Ұлықтау рәсімі: Оқу жылының басында мектеп парламентінің президентін және фракция жетекшілерін анықтау мақсатында ашық әрі әділ «Сайлау» науқаны ұйымдастырылды. Сайлау нәтижесінде оқушылар арасынан суырылып шыққан жана басшылықтың ресми түрде қызметке кірісуіне арналған салтанатты «Ұлықтау рәсімі» жоғары деңгейде өткізілді.

2. Көшбасшылар форумдарына қатысу: Мектеп белсенділері өздерінің тәжірибелерін шыңдау мақсатында «Көшбасшылар мектебі» жобаларына және оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының аймақтық, республикалық Көшбасшылар форумдарына белсенді қатысып, мектеп намысын қорғады.

3. «Жақсылыққа қадам» әлеуметтік және қайырымдылық жобалары: Көшбасшылық тек басқару емес, айналаға қамқорлық таныту екенін дәлелдеу мақсатында оқушылар «Жақсылыққа қадам» акцияларын ұйымдастырды. Қайырымдылық жәрмеңкелері өткізіліп, жиналған қаражат пен көмектер мұқтаж жандарға табысталды. Осы секілді іс-шаралар жылбойы жалғасынтауып отырды.

III. Келесі оқу жылына ұсыныстар

Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және көшбасшылық қабілеттерін одан ары дамыту мақсатында келесі оқу жылына мынадай ұсыныстар енгізіледі:

1. Көшбасшылық мектебін тұрақты ету: Мектеп ішінде жас дебатшылар мен болашақ спикерлерді дайындайтын «Шешендік өнер және көшбасшылық мектебі» үйірмесінің жұмысын тұрақты жүйеге қою.
2. Жобалық менеджментті енгізу (Project Management): Оқушылардың тек іс-шара өткізіп қана қоймай, өздерінің дербес әлеуметтік, стартап және ғылыми жобаларын басынан аяғына дейін жоспарлап, іске асыру дағдыларын дамыту.
3. Парламент аралық байланыс: Өңірдегі басқа да мамандандырылған мектептердің өзін-өзі басқару ұйымдарымен тәжірибе алмасу мақсатында «Көшбасшылардың желілік кездесулері мен форумдарын» ұйымдастыру.

«Бір үйдің баласындай» жобасы жөнінде мектеп психологы Рысмағанбетова А.М таныстырып өтті.

Іске асырылған шаралар («Бір үйдің баласындай» жобасы):

7-сыныптар: Жаңа ортаға бейімделу мен ұжымды біріктіруге бағытталған «Біз біргеміз» тренингі өтті.

8-сыныптар: Өзара құрмет пен эмпатияны дамыту мақсатында «Біз мейірімді балалармыз» тренингі ұйымдастырылды.

9-сыныптар: Бітіруші сынып оқушыларының аналарына арналған отбасылық құндылықтарды дәріптейтін «Адам өз өмірінің суретшісі» атты психологиялық тренинг өткізілді (Психолог: А.М. Рысмағанбетова).

Жетілдіру бағыттары мен ұсыныстар:

1. Ауқымды кеңейту: Жоба аясын жоғары сыныптармен (10-11 сынып) толықтырып, тренингтер жүйесін жалғастыру.
2. «Үштік одақты» дамыту: Ата-аналармен жұмыстың осындай интерактивті түрлерін тоқсан сайын тұрақты ұйымдастыру.
3. Кәсіби қолдау: Сынып жетекшілері мен психологиялық қызметтің бірлескен коучингтерін жолға қою.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Муратов М.Б атқарып жатқан жобасының құрылымын таныстырып өтті.

Іске асырылатын шаралар («School Podcast | Еркін ой алаңы» жобасы):
«Өнегелі кездесу» форматы: Жоба аясында аудан, облыс көлеміндегі танымал тұлғалармен, кәсіпкерлермен және мектеп тұлғаларымен мотивациялық, кәсіптік бағдар беретін кездесулерді подкаст форматында өткізу.

Ұйымдастыру кезеңдері:

Оқушылардан құралған жоба тобы мен жүргізушілерді анықтау;

«Оқырман үні» бағыты бойынша кітап талдау айдарларын енгізу;

Техникалық құралдарды (студия, жарық, камера) дайындау, логотип пен брендингті әзірлеу.

Медиа таралым: Әр кездесуді бейнетаспаға түсіріп, мектептің әлеуметтік желілерінде жүйелі түрде жариялап отыру.

Ұсыныстар мен күтілетін нәтиже:

1. Жүйелілік: Тұлғалармен және кәсіпкерлермен кәсіптік бағдар беру кездесулерін тұрақты (айына 1-2 рет) подкаст кестесіне енгізу.

2. Оқушылар белсенділігі: Жоба арқылы білім алушылардың жобалық менеджмент және медиа-сауаттылық дағдыларын дамыту.

«Абай ізімен» жобасы жөнінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Онгарбай Ж. ақпарат ұсынды.

1. Мақсаты:

Абай Құнанбайұлының мұрасы мен «Толық адам» ілімі арқылы оқушылардың бойында ұлттық құндылықтар мен рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыру.

2. Ағымдағы нәтижелер мен индикаторлар:

Мектепшілік деңгей: Әр дүйсенбі сайын сап түзеуде өлеңдер мен әндер айтылады. «Толық адам» тақырыбында ашық сабақтар мен топтық жұмыстар жүргізілді.

Шығармашылық деңгей: Абайдың 180 жылдығына арналған «Қара сөз бен жырдан қаланған ғұмыр» әдеби-сазды кеші өткізіліп, телеарнада (KÓKSHE) жарияланды.

Облыстық деңгей: Оқушылар Облыстық Абай оқуларында жүлделі орындар иеленді. Мұғалімдер үшін «Адал азамат» тұжырымдамасы бойынша облыстық ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырылды.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

Биік белес: Облыстық кезеңдегі жетістіктерді дамытып, оқушыларды Республикалық Абай оқуларына дайындау.

Цифрландыру: Әдеби кештер мен ашық сабақтардың бейнематериалдарын мектептің цифрлық қорына жинақтап, әлеуметтік желіде насихаттау.

"Advanced English Speaking Club" бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Мұхамеджанов И.Т ақпаратпен таныстырды.

1. Бағыты мен форматы:

Мақсаты: Оқушылардың халықаралық ортада дебат жүргізу және академиялық сөйлеу дағдыларын дамыту.

Деңгейі: B2—C1 деңгейіндегі жоғары сыныптар.

Серіктестік: Ш. Уәлиханов университеті және шетелдік ментор Dr. Francois Harris қолдауы.

2. Ағымдағы нәтижелер (Индикаторлар):

5 оқушы IELTS емтиханынан 6.5 - 7.5 жоғары балл жинады.

1 оқушы TOEFL сертификатын алды.

2 ғылыми мақала жарияланып, аймақтық конференцияда ағылшын тілінде баяндама жасалды.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

Көрсеткішті арттыру: IELTS/TOEFL емтиханын тапсыратын оқушылар қатарын көбейту.

Практиканы кеңейту: Университет базасында мектепаралық ағылшын тіліндегі дебат турнирлерін ұйымдастыру.

Жариялымдылық: Оқушылардың үздік public speaking (көпшілік алдында сөйлеу) жобаларын мектептің әлеуметтік желілерінде бейнеролик ретінде жариялау.

«Research Talks: TEDx стиліндегі ой алаңы» жобасы бойынша биология пәнінің мұғалімі Маженова А.А толығырақ таныстырып шықты.

Жетекші: Маженова Арайлым Айдарбековна (Биология пәнінің мұғалімі, экология магистрі)

1. Жобаның мақсаты мен міндеті

Мақсаты: 7–11 сынып оқушыларының зерттеушілік, сыни ойлау және көпшілік алдында еркін, дәлелді сөйлеу (TEDx форматында) дағдыларын дамыту.

Негізі: «Адал азамат» тұжырымдамасы мен Абайдың «Толық адам» ілімін жүзеге асыру, академиялық адалдық пен ғылыми этиканы меңгерту.

2. Ағымдағы нәтижелер мен индикаторлар (Жетістіктер)

Маженова А.А. жетекшілігімен биология бағыты бойынша оқушылар жоғары деңгейдегі ғылыми байқауларда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді:

«ProEco» экологиялық жобалар конкурсы (Республикалық кезең):

9-сынып оқушысы Маратова Жансая — I дәрежелі диплом жүлдегері.

«ProEco» экологиялық жобалар конкурсы (Облыстық кезең):

8-сынып оқушысы Зейнолла Дария — I дәрежелі диплом.

9-сынып оқушысы Сағыныш Алтынбек («Таза қала сізден басталады» бағыты) I дәрежелі диплом.

«Табиғатты аяла» облыстық форумы:

Абай атындағы ДБЛ ОММИ №3 командасы құрамында қатысып, облыстық форумда III дәрежелі диплом мен кубок иеленді.

9-сынып оқушысы Базарқұл Мадияна — II дәрежелі диплом.

Ғылыми-әдістемелік серіктестік: Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетімен бірлескен «Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастық көкжиегі» конференциясына оқушылар белсенді қатысып, сертификаттар алды.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

Жетекші: Маженова Арайлым Айдарбековна (Биология пәнінің мұғалімі, экология магистрі)

1. Жобаның мақсаты мен міндеті

Мақсаты: 7–11 сынып оқушыларының зерттеушілік, сыни ойлау және көпшілік алдында еркін, дәлелді сөйлеу (TEDx форматында) дағдыларын дамыту.

Негізі: «Адал азамат» тұжырымдамасы мен Абайдың «Толық адам» ілімін жүзеге асыру, академиялық адалдық пен ғылыми этиканы меңгерту.

2. Ағымдағы нәтижелер мен индикаторлар (Жетістіктер)

Маженова А.А. жетекшілігімен биология бағыты бойынша оқушылар жоғары деңгейдегі ғылыми байқауларда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді:

«ProEco» экологиялық жобалар конкурсы (Республикалық кезең):

9-сынып оқушысы Маратова Жансая — I дәрежелі диплом жүлдегері.

«ProEco» экологиялық жобалар конкурсы (Облыстық кезең):

8-сынып оқушысы Зейнолла Дария — I дәрежелі диплом.

9-сынып оқушысы Сағыныш Алтынбек («Таза қала сізден басталады» бағыты) I дәрежелі диплом.

«Табиғатты аяла» облыстық форумы:

Абай атындағы ДБЛ ОММИ №3 командасы құрамында қатысып, облыстық форумда III дәрежелі диплом мен кубок иеленді.

9-сынып оқушысы Базарқұл Мадияна — II дәрежелі диплом.

Ғылыми-әдістемелік серіктестік: Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетімен бірлескен «Мектеп және университет: ғылыми ынтымақтастық көкжиегі» конференциясына оқушылар белсенді қатысып, сертификаттар алды.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

1. Республикалық деңгейге шығу: Облыстық «ProEco» және «Табиғатты аяла» байқауларындағы жетістіктерді негізге ала отырып, келесі жылы республикалық кезеңде бас жүлде алуға мақсатты дайындық жүргізу.

2. TEDx форматын кеңейту: Жас зерттеушілердің ғылыми жобаларын қорғау (климат, экожүйе, тіс күтімі т.б. тақырыптар) тәжірибесін мектепшілік тұрақты дәстүрге айналдыру және бейнежазбаларын мектептің әлеуметтік желілерінде жариялау.

3. Пәнаралық зерттеулерді дамыту: Биология мен экология бағытындағы жобаларды химия, тарих және география пәндерімен байланыстыра отырып, интеграцияланған ғылыми жобалар санын арттыру.

Педагогикалық кеңес IV тоқсан және 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасына жүргізілген талдауды тыңдап, білім беру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстардың нәтижелерін қарастыра отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. IV тоқсан және 2025–2026 оқу жылы бойынша оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының қорытындысы назарға алынсын.

11-сынып түлектеріне жалпы орта білім туралы аттестаттар берілсін;

Үздік оқыған түлектерге жалпы орта білім туралы үздік аттестаттар берілсін;

Талаптарға сәйкес келетін түлектерге жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты мен «Алтын белгі» белгісі берілсін.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барысында академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету тұрақты бақылауға алынсын.

Білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған және жеке оқыту тәсілдерін тиімді қолдану қамтамасыз етілсін.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау барысында бағалау критерийлері мен дескрипторларды жүйелі әрі сапалы қолдану жалғастырылсын.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында уақытылы, нақты және сапалы кері байланыс беру жұмыстары күшейтілсін.

2026-2027 оқу жылына 10-11 сыныптарда оқу –жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына №69 қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде құрылсын.

2.Дарынды және талантты оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын. Олимпиадалық резерв құрамын 7 - сыныптан бастап қалыптастырып, оқушылар ерте кезеңнен мақсатты дайындыққа тартылсын. Халықаралық деңгейдегі олимпиадалар мен зияткерлік байқауларға қатысатын оқушылар санын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілсін және жеңімпаздар тәжірибесін тарату мақсатында тәлімгерлік жүйесі енгізілсін.

Олимпиадалық дайындықтың тиімділігін бағалау үшін тұрақты мониторинг жасалып, нәтижелерге сәйкес түзету жұмыстары жүргізілсін. ЖОО және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастық одан әрі жалғастырылып, олимпиадалық резерв жұмысына білікті мамандар тартылсын.

3. «Жобалар панорамасы» жоба – презентациялар шеруінің нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелінсін. Ұсыныстар бойынша дамыту жұмыстары жүргізіліп, келесі оқу жылында жалғасын тапсын.

Келесі оқу жылына арналған даму бағдарламасына:

білім сапасын арттыруға бағытталған жаңа индикаторлар енгізілсін;

оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту көрсеткіштерін күшейтілсін;

педагогтердің зерттеушілік және инновациялық қызметін қолдау шараларын қарастыру ұсынылсын;

индикаторлардың орындалуын тұрақты мониторингтеу жұмыстары жалғастырылсын;

педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды күшейту тапсырылсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:



А.Курмашева

А.Бердалиева